**"Фосфор" жабық акционерлік қоғамының мәселелері жөнінде жұмыс тобын құру туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1999 жылғы 29 мамыр N 72-ө

1. Банкроттық рәсімін тездеп аяқтау жөнінде ұсыныстар жасау, еңбекке

ақы төлеу жөніндегі берешектерді өтеу мәселелерін шешу, өндірісте еңбек қабілеттілігін жоғалтуына байланысты жәрдемақылар төлеу және басқа әлеуметтік кепілдіктер мен "Фосфор" жабық акционерлік қоғамын (бұдан әрі - "Фосфор" ЖАҚ) бұдан былайғы қаржылық сауықтыру тетіктерін айқындау мақсатында мына құрамда жұмыс тобы құрылсын:

Әблязов Мұхтар Қабылұлы - Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрі, топ жетекшісі

Нефедов Петр Петрович - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің кеңесшісі, топ жетекшісінің орынбасары

Ертілесова Жаннат Жұрғалиқызы - Қазақстан Республикасының Қаржы бірінші вице-министрі

Кәрібжанов Қайрат Сәлімұлы - Қазақстан Республикасы Көлік, коммуникациялар және туризм вице-министрі

Самофалов Евгений Анатольевич - Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің бірінші орынбасары

Розе Виталий Егорович - Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің мемлекеттік инспекторы (келісім бойынша)

Нүкішев Азат Ғалымұлы - "Кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру және тарату жөніндегі агенттік"

акционерлік қоғамының президенті

Цой Павел Николаевич - "Фосфор" акционерлік қоғамының конкурстық басқарушысы (келісім бойынша)

Нұртаев Бекмырза - "Фосфор" акционерлік қоғамы еңбек ұжымының өкілі (келісім бойынша)

2. Жұмыс тобы 1999 жылғы 15 маусымға дейінгі мерзімде "Фосфор" ЖАҚ өндірістік қызметін қайта бастауды және "Фосфор" акционерлік қоғамының қызметкерлеріне жинақталып қалған берешектерді төлеуді қамтамасыз ететін тиісті шешімдер жобасын дайындап, Үкіметке енгізсін.

Премьер-Министр

Оқығандар:
Омарбекова А.
Қасымбеков Б.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК